



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

28.09.2022 м.  
Махамбет ауылы

№ \_\_\_\_\_  
село Махамбет

**«Мектеп парламенті» білім  
алушыларының өзін-өзі  
басқару органдарын  
құру туралы**

2021 жылғы 12 ақпандағы №1-18-4/566-И ҚР білім беру ұйымдарында «Мектеп/студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Мектеп парламенті» сайлауын өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1) А.Кисина – комиссия төрайымы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2) Д.Хансултанова – комиссия мүшесі, мектеп тәлімгері;

3) А.Салихова- комиссия мүшесі, педагог-психолог;

4) М.Моташева-комиссия мүшесі, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;

5)М.Тулешова- комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;

2.Мектеп бойынша білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу мақсатында «Мектеп парламенті» құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. «Мектеп парламентінің» құрылымы жасақталсын.

4. «Мектеп парламенті» құрылымына жауапты жетекші тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Хансултанова тағайындалсын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры



Т.Идркенова

Бекітемін  
Мектеп-гимназия директоры  
Т.Идркенова



Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы бойынша «Өзін-өзі басқару»  
ұйымының өкілдері

№	Мектеп парламентінің құрылымы	Мектеп президенті мен депутаттары	Мектеп парламентінің тьюторлары
1	Өзін-өзі басқару ұйымының президенті	Б.Кенжалы	А.Хайреденова
2	ҚР БҒМ балалар өкілдігі	Р.Адамова	Д.Хансултанова
3	Құқық және тәртіп комитеті	С.Орақбай	О.Гарифуллина
4	Бақыт комитеті	А.Қабдолова	А.Наурызова
5	Ақпарат және баспа комитеті	Б.Галимова	Ж.Тұрсынбаев
6	Спорт және СӨС комитеті	Б.Дәуітқалиев	Қ.Қабенов С.Түменбаева
7	Өзін-өзі тану комитеті	А.Бимуханова	Г.Тасмағамбетова
8	Экология және еңбек комитеті	А.Ақназар	И.Маймеров
9	Мәдениет және дебаттық қозғалыс комитеті	Б.Нұрғалиұлы	Н.Сайфуллина А.Жұманова
10	Қамқорлық (еріктілер) комитеті	К.Қуандық	М.Тулешова

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Хайреденова



**Д.Төленов атындағы «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары  
2022-2023 оқу жылы**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушылар кеңесі мүшелерімен қашықтықтан жиналыс өткізу, атқаратын жұмыстарды талқылау	Қыркүйек	Оқушылар парламенті
2	«Отбасы» күніне арналған іс-шаралар өткізу	Қыркүйек	«Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы жетекшісі –С.Орақбай
4	«Абайлаңыз, балақай!» іс-шарасы бойынша өткізілген шараға қатысу	Қыркүйек	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Ә.Өміршін
5	«Ұстаздарға тағзым» мерекелік кеш	Қазан	«Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
6	«Сыбайлас жемқорлық деген не?» (түсінік жұмысы)	Қазан	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Ә.Өміршін
7	«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында қауіпсіздік жадынамалар тарату	Қараша	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Ә.Өміршін
8	Мектеп кабинеттері мен дәліздердің тазалығы, оқушылар арасындағы тазалық жұмыстарын қадағалау	Үнемі	«Экология және еңбек» фракциясы жетекшісі – Қ.Әділбек
9	25 қазан Республика күні	Желтоқсан	«Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
10	«Тұғыры биік Тәуелсіздік»	Желтоқсан	Мектеп Президенті А.Исатаев «Мәдениет пен өнер» фракциясы жетекшісі –Б.Нұрғалиұлы
11	Қысқы эстафеталық-спорттық ойындар	Желтоқсан	Спорт және СӨС фракциясы- А.Меңдіғалиев
12	Өткізілген іс-шараларды БАҚ әлеуметтік желіге жариялау (	Үнемі	«Ақпарат және баспа» фракциясының кешбасшысы – Б.Дәуітқалиев
13	Ұйым мүшелерінің отырысы	Қантар	Оқушылар парламенті, «Жас Ұлан» ұйымы
14	«Буллингке жол жоқ!»	Ақпан	«Құқық және тәртіп» фракциясы жетекшісі – Ә.Өміршін
15	«Мен және менің ортам» тренинг	Ақпан	«Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы жетекшісі –С.Орақбай
16	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында сайыс ұйымдастыру	Наурыз	Оқушылар Парламенті
17	«Мәңгі жарық күн сыйлаған маған ...» мерекелік шара	Наурыз	Мектеп президенті А.Исатаев «Мәдениет және өнер» фракциясы жетекшісі – Б.Нұрғалиұлы
18	Өзін өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сай шаралардың орындалысын қорытындылау	Мамыр	МДТІЖО Тәлімгер «Мектеп парламенті» Президенті

Мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігін арттыру, оқушыларды қоғамдық іс-шараларға қатысу белсенділіктерін көтеру мақсатында Дүйсенғали Төленов атындағы мектеп-гимназиясында 27 қыркүйек күні Мектеп Президентін сайлау науқаны өткізілген болатын.

- ✓ Үміткерлер өздерін таныстыру мақсатында сайлауалды бағдарламаларын ұсынды.
- ✓ Өйткені мектеп президенті болу ол жауапты жұмыс.
- ✓ Президент барлығына үлгі боларлықтай оқушы болу керек.
- ✓ Дауыс беру нәтижесінде "Мектеп президенті" 10-сынып оқушысы Исатаев Асылтек жеңіске жетті. Құттықтаймыз!



## Хаттама № 1

### Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясының «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару ұйымының отырысы

Қатысқандар – 11

Күн тәртібінде:

1. Өзін-өзі басқару ұйымының құрамын бекіту, іс-шаралар жоспарын жасақтау;
2. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Хансултанова – Барлықтарыңызды жаңа оқу жылында алтын ұя мектебімізде көргенімізге қуаныштымыз. Өздеріңіз білетіндей, 27 қыркүйек күні мектепшілік сайлау өткен болаитын. Сайлау нәтижесінде «Мектеп парламентінің» Президенті болып 10-сынып оқушысы Асылтек Исатаев тағайындалды. Енді қалған сайлауға қатысушы оқушылар «Жарқын жастар» өзін-өзі басқару ұйымының депутаттары бола аласыздар. Мектеп парламентінің құрылымын таныстырып, міндеттері мен лауазымдары айтылды. Алдағы іс-шаралар жоспары талқыланды.

**А.Меңдібаев:** мен өзім төменгі сыныптардан бастап спортқа жақынмын. Спорт менің жан серігім десем де болады. Сондықтан да, мектеп оқушыларымен салауатты өмір салтын насихаттауға жұмыс жасау қолымнан келетініне сенімдімін.

**Ә.Өміршін:** мен болашақ заңгер маманы ретінде, оқушылармен бірлесе мектеп ережесін қадағалауға, құқықтық жауапкершілік туралы кеңінен түсінік жұмыстарын жасай аламын деп ойлаймын. Сондықтан мен құқық фракциясының жетекшісі болғым келетінін айтып өткім келеді.

Ағымдағы мәселелер бойынша, мектеп тәлімгері Д.Хансултанова: Сіздер, мектеп оқушыларының және ұстаздардың қолдауымен, дауысымен іріктелген құрам боласыздар. Сіздерге үлкен сенім артамыз. Мектептің қоғамдық шараларына белсенді араласып, өз ұстаздарыңызға көмекші болады деген сенімім мол. Алда келе жатырған «Ұстаздар» мерекесіне арналған мерекелік құттықтауларыңызды дайындап, бірлесіп нәтижелі жұмыс жасайық дегім келеді.

**Қаулы:**

1. Мектеп парламентінің құрылымына сәйкес, мектеп президенті мен депутаттары өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын. Қадағалау мектеп тәлімгері Д.Хансултановаға міндеттелсін.
2. Өзін-өзі басқару ұйымының іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітілсін.




Жиналыс төрайымы: Д.Хансултанова

Хатшы: А.Кисина



## Хабарлама

Отбасы күніне орай 3-сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері және «Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы жетекшісі А.Бимуханованың ұйымдастыруымен «Бақыт ұл...» асфальтқа сурет салу көрінісі ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі түсті борлар арқылы мектеп ауласындағы асфальтқа отбасылық түрлі суреттер салып, бейнеледі.



## «Дублер» күні

Дүйсенғали Төленов атындағы мектеп-гимназиясында «Балалар жылы» аясында ұстаздар мерекесіне орай 05.10.2022 жылы «Құрметтейік ұстазды» атты «Дублер күні» өткізілді.

✓ Дублер күні – бұл біздің мектебіміздің оқушылары мен мұғалімдері үшін көптен күткен жауапты іс-шараларының бірі.

✓ Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

✓ Дублер күнінің ерекшелігі: оқушылар тек сабақ өткізін қана қоймай, сынып белсенділері мектеп әкімшілігінің ішкі жұмыстарына да араласып, өз шеберліктерін көрсете алды.

★ Бірі директор болып басшылықты қолына ала, бірі тәрбие жұмысының меңгерушісі болып, бір сәт болсын өздерін білікті маман ретінде көрсете білді.

★ Ал оқушылар өздері таңдаған пән мұғалімдерінің кесте бойынша сабақтарына кіріп, оқушылармен едене жұмыс жасай білді.

★ Осы күнді қорытындылай келе, мектеп директорынан дублеры Сайын Медет және оқу тәрбие ісінің меңгерушісі Сәрсенбай Ильяс оқушыларға жиналыс өткізді.

★ Оқушылар өздерінің ойларымен бөлісті. Ұстаз болу өте жауапты әрі қиын жұмыс екендігін түсіне білді.

★ Жиынды мектеп тәлімгері Д.Хансултанова қорытындылап, оқушыларға алдағы уақытта жақсы жетістіктер тілей отырып, игі істерге бастамашыл болуға шақырды.



Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда.

Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, келешек ұрпаққа өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.


Осы орайда мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» тобының ұйымдастыруымен ұйым мүшелері мен 9-сынып оқушылары және сынып жетекшісі Айнұр Болатқызы Қарттар күнімен тұспа тұс келген ұстаздар күнімен мектебіміздің ардагер ұстазы Роза Нығметқызын құттықтап шықты.




Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы бойынша "Өзін-өзі басқару" ұйымының "Құқық және тәртіп" фракциясының жетекшісі 9-сынып оқушысы Өміршін Әмина 13 қазан күні 6-сынып оқушыларына "Сыбайлас жемқорлық деген не?" тақырыбында дәріс сабағын өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру.

Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру.



Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясының "Жарқын жастар" өзі-өзі басқару ұйымының жоспарына сай "Құқық және тәртіп" фракциясы жетекшісі Өміршін Әминаның ұйымдастыруымен "Қауіпсіз мектеп" акциясы аясында "Адамзаттық белсенділікті арттыр! Жемқорлыққа жол берме!" тақырыбында жадынамалар таратылды.



## Тақырыбы: "Ғаламторсыз бір күн"

Дүйсенғали Төленов атындағы мектеп-гимназиясының тәрбие жоспары негізінде "Интеллектуалды тәрбие ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу" бағыты бойынша мектеп тәлімгері Динара Аманғалиқызы мен "Өзін-өзі басқару" ұйымының Дебат фракциясының жетекшісі Әлиханқызы Еркежанның ұйымдастыруымен "Ғаламторсыз бір күн" тақырыбында 6 "А" сыныбында танымдық сағат өтті.

**Мақсаты:** әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

